

# 2023 жылдың 1 жартыжылдығындағы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындылары және қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есеп

## 1. Кіріспе

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік).

100% үлесі бар компанияның Жалғыз Қатысушысы: «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамы. Серіктестіктің Жарғылық капиталы Қатысушының жеке салымы негізінде қалыптастырылған 136,003 млн.теңгені құрайды.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС қызметінің негізгі бағыты Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушыларын энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу болып табылады. Серіктестік Қазақстанның ең ірі мегаполисі Алматы қаласы мен Алматы облысындағы электр энергиясын кепілді жеткізушісі болып табылады. Серіктестіктің қызметі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес қоғамдық маңызы бар нарық санатына жатқызылған, баға белгілеу процесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2017 жылғы 01 ақпандағы №36 бұйрығымен бекітілген Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларымен реттеледі.

## 2. Есепті кезеңнің негізгі оқиғалары

### 2.1. Тарифтің өзгеруі

2023 жылғы 01 қаңтардан бастап Алматы қаласы мен Алматы облысының тұтынушылары үшін бұрын қолданыста болған шекті бағаға 4,8% өсіммен ҚҚС есебінсіз 22,18 теңге/кВтсағ. мөлшерінде электр энергиясына шекті баға қолданысқа енгізілді.

Сараланған тарифтердің қолданыстағы деңгейлері	2022 ж. 1 қыркүйегінен бастап	2023ж. 1 қаңтарынан бастап	Өсім
<b>Шекті баға, теңге/кВтсағ</b>	<b>21,16</b>	<b>22,18</b>	<b>4,8%</b>
<b>тұтыну нормалары бойынша (ҚҚС-сыз):</b>			
- 1 деңгей	16,97	17,79	4,8%
- 2 деңгей	22,26	23,38	5,0%
- 3 деңгей	27,83	29,22	5,0%
<b>тұтынушы топтары бойынша (ҚҚС-сыз):</b>			
- 1 топ электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтер көрсетумен байланысты емес, өзінің тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар	18,55	19,48	5,0%
- 2 топ электр энергиясын тұрмыстық емес мұқтаждар үшін пайдаланатын тұтынушылар	22,35	23,47	5,0%
- 3 топ мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар	29,28	31,92	9,0%
- 4 топ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын өндіретін тұтынушылар (ӘМАТ)	21,16	22,18	4,8%

### 2.2. Серіктестіктің қызметіне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құжаттамасының өзгеруі

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 қаңтардағы №101-VII Заңымен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару, мемлекеттік шекара, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 маусымдағы №130-VII ҚРЗ Заңымен,

сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының жекелеген тапсырмаларын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №177-VII ҚРЗ Заңымен «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №588-II Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №8 бұйрығымен «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы №36 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 3 қаңтардағы №101-VII Заңымен, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне электр энергетикасы, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, жер қойнауын пайдалану, жергілікті мемлекеттік басқару, мемлекеттік шекара, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 30 маусымдағы №130-VII ҚРЗ Заңымен «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы №541-IV Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

### 3. Есепті кезеңдегі қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ)

#### 3.1. Стратегиялық және операциялық ҚНҚ

Есепті кезеңде Серіктестік жоспарланған 3 508,8 млн.кВтсағ. орнына 3 528,3 млн.кВтсағ. электр энергияны сатты, орындау 101% құрады, оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша:

Тұтынушылардың санаты	2022 ж. Факт	2022 ж. 1 жартж. Факт	2023 ж. 1 жартж. Жоспар	2023 ж. 1 жартж. Факт	Өзгеруі жоспар-факт (+ұлғаю -азаю)	Өзгеруі, %	
						факт/жоспар	факт/ұқса с кезең
Пайдалы босату, млн.кВтсағ., оның ішінде:	6 846,8	3 339,6	3 508,8	3 528,3	19,5	101%	106%
Тұрғындар	2 387,4	1 147,5	1 223,4	1 251,0	27,6	102%	109%
Өнеркәсіп	1 220,7	632,2	625,6	567,6	-58,0	91%	90%
Бюджет	251,4	131,1	128,8	114,4	-14,4	89%	87%
Өзгелері	2 987,4	1 428,9	1 530,9	1 595,3	64,3	104%	112%

Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметінің нақты көрсеткіштерін ескере отырып, 2023 жылдың 1 жартыжылдығында мынадай мәндерде қаржылық негізгі көрсеткіштер (ҚНҚ) қалыптасты:

Стратегиялық және операциялық ҚНҚ	Өлшем бірліктері	2022 ж. Факт	2023 ж. 1 жартж. Факт	2023 ж. 1 жартж.	
				Жоспар	Факт
NAV	млн. теңге	-9 167,7	-	-	-
Қарыз/ЕБИТДА	%	-1,49	-1,19	15,72	12,04
Еңбек өнімділігі	мың теңге/адам	238,1	-4 004,8	2 340,9	2 483,9
Негізгі капиталға инвестициялар (игеру әдісі бойынша күрделі салымдар)	млрд.теңге	0,08	0,00	0,01	0,01
Таза табыс	млн.теңге	-2 783,9	-3 184,1	-235,8	-179,6
ROACE*	млн.теңге	49,0%	52,7%	-3,5%	-4,9%
FCF (free cash flow)	млрд.теңге	-4,1	-2,9	0,1	-0,2
ЕБИТДА Margin	%	-2,4%	-4,5%	0,4%	0,5%
Ағымдағы өтімділік	%	0,62	0,52	0,63	0,60

### 3.2. Қаржылық көрсеткіштер

#### Қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері

млн.теңге

Көрсеткіштер	2022 ж. Факт	2022 ж. 1 жартж. Факт	2023 ж. 1 жартж.		Ауытқуы, %	
			Жоспар	Факт	факт/ жоспар	факт/ ұқсас кезең
<b>Пайдалы босату көлемі, млн.кВтсағ.</b>	<b>6 846,8</b>	<b>3 339,6</b>	<b>3 508,8</b>	<b>3 528,3</b>	<b>101%</b>	<b>106%</b>
Өнімді сатудан түскен кіріс	137 577,6	65 364,6	78 086,3	78 317,5	100%	120%
Сатылған өнімнің өзіндік құны	140 489,6	67 918,7	77 396,7	77 601,0	100%	114%
<b>Жалпы пайда</b>	<b>-2 912,0</b>	<b>-2 554,1</b>	<b>689,7</b>	<b>716,5</b>	<b>104%</b>	<b>128%</b>
Қаржыландырудан түскен кіріс	122,4	53,3	99,5	113,1	114%	212%
Өзге кірістер	1 668,4	73,2	76,1	77,8	102%	106%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	708,4	512,9	468,6	434,6	93%	85%
<b>Операциялық кіріс</b>	<b>-3 620,4</b>	<b>-3 067,0</b>	<b>221,0</b>	<b>281,9</b>	<b>128%</b>	<b>109%</b>
Амортизация, пайыздар және КТС бойынша аударымдарға дейінгі пайда (ЕБИТДА)	-3 368,7	-2 940,1	318,1	415,4	131%	114%
Қаржыландыру шығыстары	568,5	221,1	501,2	489,0	98%	221%
Негізгі емес қызмет бойынша басқа шығыстар	412,4	58,2	138,2	178,6	129%	307%
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда (залал)</b>	<b>-2 810,4</b>	<b>-3 219,9</b>	<b>-242,8</b>	<b>-194,9</b>	<b>80%</b>	<b>6%</b>
КТС бойынша шығыстар	-26,5	-35,8	-7,0	-15,2	219%	43%
<b>Жиынтық пайда/залал</b>	<b>-2 783,9</b>	<b>-3 184,1</b>	<b>-235,8</b>	<b>-179,6</b>	<b>76%</b>	<b>6%</b>
<b>Қызметтің рентабельділігі, %</b>	<b>-1,96%</b>	<b>-4,63%</b>	<b>-0,30%</b>	<b>-0,23%</b>	<b>76%</b>	<b>5%</b>

### 3.3. Қаржылық жағдайды талдау

Есепті кезеңнің соңында баланс валютасының 18 728,0 млн.теңгеден 17 595,6 млн.теңгеге дейін төмендеуі байқалады, оның ішінде:

#### Есепті кезеңнің соңындағы активтердің құрылымы

млн. теңге

Баланстың активтері	Кезеңнің басында (31.12.2022)	Үлес %	Кезеңнің соңында (30.06.2023)	Үлес %	Өзгеруі (+ұлғаю, - азаю)
Дебиторлық қарыз	13 413,0	72%	12 796,4	73%	-616,7
Ақша қаражаты	346,1	2%	93,1	1%	-253,0
Салық активі	1 092,7	6%	1 073,1	6%	-19,5
Қорлар	35,9	0%	55,7	0%	19,7
Өзге қысқа мерзімді активтер	2 402,8	13%	2 234,0	13%	-168,8
<b>Қысқа мерзімді активтер барлығы</b>	<b>17 290,6</b>	<b>92%</b>	<b>16 252,3</b>	<b>92%</b>	<b>-1 038,3</b>
Негізгі құралдар	1 190,2	6%	1 084,0	6%	-106,1
Материалдық емес активтер	27,7	0%	24,6	0%	-3,1
Кейінге қалдырылған салық активтері	219,5	1%	234,8	1%	15,2
Өзге ұзақ мерзімді активтер	0,0	0%	0,0	0%	0,0
<b>Ұзақ мерзімді активтер барлығы</b>	<b>1 437,4</b>	<b>8%</b>	<b>1 343,4</b>	<b>8%</b>	<b>-94,0</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>18 728,0</b>	<b>100%</b>	<b>17 595,6</b>	<b>100%</b>	<b>-1 132,3</b>

Есепті кезеңде активтер мөлшерінің -1 132,3 млн. теңгеге төмендеуі байқалады, оның ішінде: есепті кезеңнің соңында дебиторлық қарыз 12 796,4 млн. теңгені құрап, 616,7 млн. теңгеге төмендеді, оның ішінде тұтынушылар топтары мен қарыз мерзімдері бойынша электр энергиясын өткізуге байланысты борыш 12 035,8 млн. теңгені құрады:

млн.теңге

№	Атауы	1 ай	2 ай	3 ай	4-6 ай	7-12 ай	12 айдан астам	ҚЕХС бойынша қосымша есептеулерді есепке алмағанда қарыздың барлығы	Оның ішінде мерзімі өткен ДҚ
1	Өнеркәсіп	1 738,0	27,8	59,6	80,9	4,3	4,8	1 915,3	149,6
2	Республикалық бюджет	101,9	3,2	-	-	-	-	105,1	-
3	Жергілікті бюджет	60,2	0,8	-	-	-	-	61,0	-
4	Облыстық бюджет	130,0	10,8	0,1	-	-	-	140,9	0,1
5	Ауыл шаруашылығы тұтынушылары	225,0	2,7	1,3	1,1	0,6	16,8	247,5	19,7
6	Өзгелері	2 830,2	61,8	14,4	0,7	51,4	4,3	2 962,8	70,8
7	Тұрғындар (заңды тұлғалар)	897,5	311,4	171,3	100,3	22,9	174,3	1 677,7	297,5
8	Жеке тұлғалар	3 669,8	873,0	224,6	80,3	19,2	58,6	4 925,6	158,1
	<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>9 652,5</b>	<b>1 291,5</b>	<b>471,4</b>	<b>263,3</b>	<b>98,4</b>	<b>258,7</b>	<b>12 035,8</b>	<b>695,8</b>

#### Есепті кезеңнің соңындағы міндеттемелердің құрылымы

млн. теңге

Капитал және міндеттемелер	Кезеңнің басында (31.12.2022)	Кезеңнің соңында (30.06.2023)	Өзгеруі (+ұлғаю, -азаю)
Жарғылық капитал	136,0	136,0	0,0
Бөлінбеген пайда	-9 432,2	-9 611,9	-179,6
<b>Капитал барлығы</b>	<b>-9 296,2</b>	<b>-9 475,9</b>	<b>-179,6</b>
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	62,0	66,7	4,7
Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер	24,3	35,3	11,0
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер барлығы</b>	<b>86,3</b>	<b>102,0</b>	<b>15,7</b>
Алынған займдар	5 003,5	5 000,0	-3,5
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелер	195,0	109,0	-86,0
Кредиторлық қарыз	20 972,4	20 294,4	-678,0
Өзге салықтар мен міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер	78,4	35,4	-42,9
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	1 688,6	1 530,7	-157,9
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер барлығы</b>	<b>27 937,9</b>	<b>26 969,5</b>	<b>-968,4</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>18 728,0</b>	<b>17 595,6</b>	<b>-1 132,3</b>

#### 4. Күрделі салымдардың инвестициялық жоспарын орындау

Есепті кезеңде жоспарланған 11,6 млн. теңге мөлшеріндегі жалпы даму шығыстары (инвестициялар) 10,2 млн.теңгеге игерілді. Қаржыландыру бөлігінде 51,5 млн. теңге, оның ішінде 2022 жылғы бюджетті игеру бойынша 43,4 млн. теңге мөлшерінде төлем жүргізілді.